

Маңғыстау облыстық білім басқармасының 08.02.2022 жылғы №41-нк бұйрығына сәйкес Мұнайлы ауданындағы білім беру ұйымдарындағы тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторингтың

## ХАТТАМАСЫ №1

**Мониторинг уақыты:** 26,27 қазан 2022 жыл.

**Объект:** Мұнайлы ауданындағы барлық білім беру ұйымдары (мектеп)

**Сараптамалық топ жетекшісі :** Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің басшысының орынбасары Г.Мурадалиева

### Мүшелері:

Марат Абзал Ғабитұлы- «АМАНАТ» партиясы «Жастар рухы» ЖК Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы, сараптамалық топ мүшесі;

Дәрібаева Райхан Сұлтанқызы- «Мұнайлы аудандық азаматтық бастама қоғамдық бірлестігі» үкіметтік емес ұйымының өкілі, сараптамалық топ мүшесі;

Унгарова Алуаш Жардемовна- №1 мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы, сараптамалық топ мүшесі;

Агнурова Карлыгаш Амангелдиевна- «АМАНАТ» партиясы Мұнайлы аудандық филиалының есепке алу және статистика секторының меңгерушісі;

Мамбетова Майра Қорғанбайқызы- Мұнайлы ауданы, «Жанұя» орталығының жетекшісі;

### Қаралған мәселелер:

1. Санитариялық- эпидемиологиялық қорытынды бойынша талап;
2. Мекеменің бракеражды комиссиясының жұмысын талдау;
3. Балалар тамақтанатын ыдыстардың жай-күйі;
4. Ас ішетін бөлмеге қойылатын талаптар;
5. Перспективалық мәзірге қойылатын талаптар;
6. Мәзірге қойылатын талаптар;
7. Тыйым салынған өнімдер;
8. Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптар;
9. Ас блогында бөгде тауарлардың сатылуына жол бермеу.

Қазан айының 26-27 күндері жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша төмендегілер анықталды:

№8 мектепте тамақтың өлшемі ас мәзірінде көрсетілген өлшемге сай келмейді. 2 сынық ыдыс анықталды.

Сонымен қатар, №№1,2,8,9,10,11,13 мектептердің ас пісіру блогында бейнекамералар орнатылмағандығы анықталды.

№№1,2,6 мектептердің асханасы мемлекеттік-жекеменшік әріптестікке берілген. Жаз айларында №№6,7,15 мектептердің асханаларында жалға алушы кәсіпкер жөндеу жұмыстарын жүргізген.

Мониторинг жүргізілген қалған мектептердің асханаларындағы ахуал «жақсы» екендігі анықталды. Үнемі жүргізілген мониторингтың нәтижесінде барлық асханалардың жұмысы бір қалыпқа түсіп, тазалығы жақсарып, сынық ыдыстар жойылған.

**Ескерту:** Мектептің бракераждық комиссиясының жұмысын үнемі сапалы жүргізу, айына 2 рет тексеріп актын жасақтау, ыдыс-аяқты және жиһаз бен жабдықты, қойманы үнемі бақылауда ұстау, тәуліктік сынамаларды сақтау, тағамның сапасы мен сақталуын қатаң бақылауда ұстау, ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасы мен арнайы киіміне, медициналық тексеруден өтуіне үнемі тексеріс жүргізу, ас блогы және ас ішетін бөлмені үнемі таза ұстау, асхана ішіне безендіру жасау сияқты жұмыстарды мектеп директоры үнемі бақылауға алуы керек.

#### Қабылданған шешімдер:

1. Мекеменің бракеражды комиссиясының жұмысын жандандыру, әр тексерістің актын жасақтау;
2. Балалар тамақтанатын ыдыстардың жай-күйін үнемі бақылауда ұстау;
3. Ас ішетін бөлмеге қойылатын талаптарды қадағалау;
4. Перспективалық мәзірге қойылатын талаптарды басшылықта ұстау;
5. Мәзірге қойылатын талаптардың сақталуын бақылау;
6. Тыйым салынған өнімдердің сатылмауын қатаң бақылау;
7. Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптарды сақтай отырып, сынамаларды сақтау;
8. Ас блогында өзге тауарлардың сатылуына жол бермеу.

Демократұлы Батырбек

Мурадалиева Гульзада Ибрагимовна

Дәрібаева Райхан Сұлтанқызы

